1-тапсырма

Менің үшін
Дүниенің дидары бұзылады
Аяулым мен анасыз,
Атасызды
Аяулым мен құлынсыз,
Батасызды

Үзінді қай ақынның өлеңінен алынған. Бұл туындыда не туралы айтылатынын қысқаша баяндап беріңіз?

Қадыр Мырза Әли туындыларында адам мен табиғатты біртұтас бірікте қарастырғаны „Қызыл кітап" поэмасынан көруімізге болады. „Адам өрісі кеңіген сайын аң-құстың өрісі тарыла түседі" деп ақынның өзі айтқандай, адам баласы өзінің де табиғаттың бір бөлшегі екенін ұмытып, оған қол салғанын күйіне баяндады. Поэмадағы лирикалық кейіпкер табиғатты жойып алудан қорқады:

Хайуанатқа жасаған қиянатын
Бауырына жасаған опасыздық! - деп қандай да болсын, зорлық зомбылықтан бас тарту қажеттілігін түсіндіреді. Бір кезде елімізде мекендеген аңдарды түгендейді, соларды жоқтайды.

... Қызыл кітап -
Опат боп кеткен аңның
Бастарына қойылған қызыл күмбез - деп ақын саналы адам болғандықтан, табиғатты қорғау парызымыз екенін айтқан.

2-тапсырма

Ой, заман-ай,
Жүзіқара заман-ай,



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ